

Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 наурыздағы № 213 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 14 сәуірде тіркелді. Тіркеу № 2804. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2010 жылғы 12 наурыздағы № 114 Бүйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2010.03.12 № 114 Бүйрығымен.

Ұлттық бірыңғай тестілеуді құқықтық реттеуді жетілдіру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу ережесі бекітілсін.

2. Білім беруді дамыту стратегиясы және халықаралық ынтымақтастық департаменті /С.Ырсалиев/ осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге енгізсін, кейіннен бұқаралық ақпарат құрапдарына жарияласын.

3. Осы бүйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылауды вице-министр К.Н.Шәмшидиноваға жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2004 жылғы 16 наурыздағы
№ 213 бүйрығы мен
бекітілген

Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу

ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже жалпы орта білім беру бағдарламаларын менгерген жалпы орта білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы білім алушыларына (бұдан әрі - бітірушілер) ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру мен өткізу тәртібін белгілейді.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89 бұйрығымен .

2. Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан білім беру үйымдарына таратылады.

3. Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ) бітірушілердің мемлекеттік қорытынды аттестаттауы мен кәсіптік жоғары (бұдан әрі - ЖОО), кәсіптік орта (бұдан әрі - колледждер) оқу орындарына түсү емтихандарын біріктіруді көздейді. ҰБТ-ның нәтижелерін жалпы орта білім беру үйымдары мемлекеттік қорытынды аттестаттаудың, ал ЖОО-лар мен колледждер түсү емтихандарының нәтижелері р е т і н д е т а н и д ы .

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89 , 2007 жылғы 23 ақпандағы N 85 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен .

3-1. ҰБТ-ы тізбесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген тестілеу өткізілетін пункттердің базасында өткізіледі (б ұ д а н ә р і - Ұ Б Т Ө П) .

Ескерту: 3-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 85 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

2. ҰБТ-ны үйымдастыру және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия

4. ҰБТ-ны үйымдастыру және өткізу үшін әрбір ҰБТ ӨП-те мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - МК) құрылады.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89 бұйрығымен .

5. МК өз жұмысында осы Ережені, нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4394 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 7 қыркүйектегі N 481 бұйрығымен бекітілген»"Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және мемлекеттік қорытынды аттестаттауды өткізу ережесін" (бұдан әрі - қорытынды аттестаттау ережесі), сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1118 болып тіркелген,»"Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 , нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3627 болып тіркелген,»"Қазақстан Республикасының кәсіптік орта білім беру үйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 244 бұйрықтарын (бұдан әрі - Қабылдаудың үлгі ереже), және басқа да білім беру саласындағы орталық атқарушы органдардың (бұдан әрі - Министрлік) нормативтік құқықтық актілерін басшылықта алады.

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89, 2007 жылғы 23 ақпандағы N 85 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен.

6. МК-нің құрамына мәслихат пен әкімдік өкілдері, жоғары оқу орындарының ректорлары, облыстық (республикалық маңызы бар қалалық) білім департаментінің (басқармаларының) директорлары (бұдан әрі - білім департаментінің директоры), аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің меншерушілері, құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың, оның ішінде жастар және студенттік, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ білім беру ұйымдарының, білім департаменті қызметкерлері білікті мамандары арасынан тағайындалған хатшы кіреді.

МК құрамының саны тақ болуы және 11 адамнан аспауы керек.

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89, 2007 жылғы 23 ақпандағы N 85 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен.

7. МК-нің төрағасы болып оның базасында ҰБТ ӨП құрылған білім беру ұйымының басшысы (ректор, білім департаментінің директоры, аудандық (қалалық) білім бөлімінің меншерушілері) немесе әкімдік өкілі тағайындалады.

МК құрамы жоғары оқу орындарының және білім департаменттерінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі - Министр) бұйрығымен ҰБТ-ы басталғанға дейін екі ай бұрын ҰБТ-ны откізу кезеңіне бекітіледі.

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89 бұйрығымен.

8. МК-ның негізгі міндеттері аталған облыстың (қаланың, ауданының) бітірушілері үшін ҰБТ-ны дайындау және откізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру болып табылады.

9. МК қойылған міндеттерді іске асыру үшін:

1) жүргізулық арасында ҰБТ-ны ұйымдастырушылық және ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

2) ҰБТ-ны дайындау және откізу барысында Министрліктің тапсырмасы бойынша ҰБТ-ның ұйымдастыру-технологиялық алып жүруін іске асыратын білім беру ұйымымен, сондай-ақ әр деңгейдегі білім беруді басқару органдарымен, білім беру ұйымдарымен қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;

3) мектеп бітірушілерден ҰБТ-ға белгіленген үлгімен өтініштер қабылдауды үйымдастырады;

4) алдынап тасталды ;

5) осы облыстың (қаланың, ауданның) мектеп бітірушілеріне ҰБТ-ны өткізу үшін қажетті жағдай жасайды және тестілеу технологиясының сақталуын қамтамасыз етеді ;

6) ҰБТ-ы аяқталған соң дұрыс жауап кодтары ілінеді және тестілеудің нәтижесі хабарланаады ;

7) ҰБТ-ы бойынша апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

8) ҰБТ-ы сертификаттарын беруді ұйымдастырады.

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 85 , 2007 жылғы 23 ақпандағы N 85 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

1 0 . < * >

Ескерту: 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 85 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

11. МК оның төрағасы бекіткен жоспарға сәйкес жұмыс істейді.

МК хатшысы жұмыс жоспарын, отырыстың күн тәртібін қалыптастырады, МК мүшелерінің қарым-қатынасын ұйымдастырады және іс қағаздарды жүргізуге жауап береді.

12. МК-ның отырысы, егер де онда оның мүшелерінің жалпы санының 2/3 бөлігінен астамы қатысса заңды деп есептеледі.

МК-ның шешімдері МК отырысында қатысушы мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады және төраға мен хатшының қолы қойылған отырыс хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда, МК төрағасы шешуші дауыска құқылы .

Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 85 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

3. ҰБТ-ға қатысушылар

13. ҰБТ-ны тапсыруға жалпы орта білім берудің білім бағдарламаларын игерген білім беру ұйымдарының қазақ және орыс тілдерінде білім алған ағымдағы жылғы барлық бітірушілері ерікті негізде жіберіледі.

Ағымдағы жылды Қазақстан Республикасының ЖОО-ларына, КООО-ларына түсуге тілек білдіргендер,»"Алтын белгі" жалпы орта білім туралы атtestat және үздік жалпы орта білім туралы атtestat алуға үміткерлер, ағымдағы жылғы

оқушылардың ғылыми жарыстарының, республикалық олимпиадалардың жүлдегерлері үшін ҰБТ-ны тапсыру міндettі.

ҰБТ-ға қатысқысы келмеген бітірушілер қорытынды аттестаттау ережесіне сәйкес орта мектеп курсы бойынша қорытынды аттестаттау тапсыра алады.

Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпанды N 89, 2007 жылғы 23 ақпанды N 85 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

14. ҰБТ-ға қатыспаған шетелдерде оқушылардың халықаралық айырбас желісі бойынша білім алған жалпы орта білім беру үйымдарының бітірушілерінің және өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде оқытатын мектеп бітірушілерінің, республикалық музыка мектеп-интернаттары бітірушілерінің мемлекеттік қорытынды аттестаттауы қорытынды аттестаттау ережесіне сәйкес өткізіледі. Бұл бітірушілер республика ЖОО-лары мен колледждерге Қабылдаудың үлгі ережесіне сәйкес түсуге құқылы .

Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпанды N 89 бұйрығымен .

14-1. Ағымдағы жылдың жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық олимпиадаға қатысушылар ҰБТ-ны тапсырудан босатылады.

Ескерту: 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1057 бұйрығымен .

4. ҰБТ-ны өткізу тәртібі

15. ҰБТ-ы төрт пән бойынша өткізіледі: ұшеуі міндettі - қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі), математика, Қазақстан тарихы және таңдаған мамандыққа байланысты Қабылдаудың үлгі ережесіне сәйкес таңдау бойынша пәндердің б і р е у і .

Шығармашылық немесе арнайы дайындықты қажет ететін мамандықтарды таңдаған бітірушілер үшін төртінші пәнді таңдау ерікті. ЖОО-лар мен колледждерге қабылдау кезінде мұндай бітірушілерге арнайы немесе шығармашылық емтихандар белгіленеді, олар өздері таңдаған ЖОО-лар мен колледждердің қабылдау комиссияларымен өткізіледі.

ҰБТ-ны өткізу үшін технологиясын Министрлік бекітеді және Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетімен келісіледі.

Ескерту: 15-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпанды N 89, 2007 жылғы 23 ақпанды N 85 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен .

16. ҰБТ-ға қатысуға өтініштерді қабылдау мерзімі 1 наурыздан 25 сәуірге дейін. Өтініш бланкілерін толтыру мектеп бітіруші өзі білім алатын жалпы орта білім беру ұйымында жүргізіледі.

Ескерту: 16-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 373, 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1057, 2007 жылғы 23 ақпандағы N 85 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бүйрекшілермен .

17. Тестілеу ҰБТ ӨП-те 10 маусымнан 15 маусымға дейін өткізіледі.

18. ҰБТ-ы Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы (бұдан әрі - БТМСҰО) жалпы білім беретін пәндердің бағдарламасы негізінде әзірлеген тест тапсырмаларының көмегімен өткізіледі, олардың мазмұны көрсетілген бағдарламаның шеңберінен шықпауы керек.

19. Әрбір пән бойынша тест тапсырмасының саны - 30.

20. ҰБТ-ға 3 астрономиялық сағат бөлінеді. ҰБТ-ны қайта тапсыруға рұқсат берілмейді :

- 1) қанағаттанарлықсыз деген баға алған жағдайда;
- 2) оң бағаны арттыру мақсатында.

21. ҰБТ-ның қорытындылары конкурстық комиссия үшін 120 баллдық жүйе бойынша және жалпы орта білім туралы аттестат алу үшін бес баллдық жүйе бойынша бағамен бағаланады. Баллдарды бағага ауыстыруды Министрлік белгілейтін шкалаға сәйкес МК жүргізеді.

Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 373 бүйрекшімен, 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1057 бүйрекшімен .

5. Апелляциялық комиссияның жұмысы

22. Тест тапсырмаларын бағалау кезінде бірыңғай талаптарды сақтау және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, ҰБТ-ға қатысушылардың құқығын қорғау мақсатында тестілеу өткізу кезеңінде апелляцияны қарастырылады. Апелляциялық комиссия (бұдан әрі - республикалық комиссия) және әрбір ҰБТ ӨП-те апелляциялық комиссия құрылады.

Ескерту: 22-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89 бүйрекшімен .

22-1. Республикалық комиссияның тәрағасы және құрамы Министрдің бүйрекшімен бекітіледі.

Ескерту: 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89 бүйрекшімен .

22-2. Республикалық комиссия апелляциялық комиссиялардың бітірушіге баллдар қосу туралы негізdemесін қарайды және соңғы шешім қабылдайды.

Ескерту: 22-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89 бұйрығымен .

22-3. Республикалық комиссия өз функцияларын орындау мақсатында апелляциялық комиссиялардан қажетті құжаттар, сонымен бірге бітірушінің жауап парагын, ҰБТ технологиясының сақталуы туралы мәліметтер сұрауға және

а л у ғ а

қ ұ қ ы լ ы .

Ескерту: 22-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89 бұйрығымен .

22-4. Республикалық комиссияның шешімі комиссияның тізімдік құрамындағы көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы шешуші дауысқа құқылды. Комиссияның жұмысы төрағаның және комиссияның барлық мүшелерінің қолдары қойылған хаттамалармен р е с і м д е л е д і .

Ескерту: 22-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89 бұйрығымен .

23. Апелляциялық комиссияның төрағасын Министрдің бұйрығымен, ал оның құрамын - жергілікті білім беруді басқару органдары бекітеді. Апелляциялық комиссияның құрамына МК мүшелері кірмеуі керек.

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1057 бұйрығымен .

24. Апелляциялық комиссия тестілеуге қатысуышылардан өтініштер қабылдайды және қарайды, республикалық комиссияға бітірушіге баллдарды қосу туралы ұсынысты енгізеді және оны апелляцияның нәтижесімен хабардар е т е д і .

Ескерту: 24-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89 бұйрығымен .

25. Апелляцияға берілетін өтініш апелляциялық комиссияға тестілеу нәтижелері хабарланғаннан кейін келесі құнгі сағат 13-ке дейін беріледі және апелляциялық комиссия тәулік бойына қарайды. Өтінішті комиссия төрағасының атына арнайы бланкте тестілеуге қатысуышының жеке өзі береді. Өтініш берушінің өзімен бірге оның жеке басын куәландыратын құжаты, емтиханға жіберу рұқсаттамасы болуы керек.

26. Апелляциялық комиссияның жұмысын апелляциялық комиссияның төрағасы басқарады, ол жоқ кезде төрағаның орынбасары атқарады.

27. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссияның тізімдік құрамындағы көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы шешуші дауысқа құқылды. Комиссияның жұмысы төрағаның және

комиссияның барлық мүшелерінің қолдары қойылған хаттамалармен ресімделеді

28. Республикалық комиссияның және апелляциялық комиссиялардың мәжіліс хаттамалары жыл бойы БТМСҰО-да сақталады.

Ескерту: 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89 бұйрығымен .

29. ҰБТ-ны өткізу дің белгіленген тәртібінің және технологиясының сақталуын бақылауды ҰБТ ӨП-ке жіберілген министрліктің уәкілетті өкілдері жүзеге асырады.

6. ҰБТ-ны тапсыру туралы құжаттар

30. ҰБТ-ны тапсырған бітірушілерге:

ҰБТ-ның нәтижесі туралы сертификат (бұдан әрі - сертификат);
жалпы орта білім туралы аттестат (бұдан әрі - аттестат) беріледі.

Сертификат нысанын Министрлік бекітеді. Сертификаттың, оны берген күннен бастап бір жыл бойы күші бар.

Ескерту: 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 85 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

31. Сертификатты МК толтырады және ҰБТ-ны тапсырған күннен кейін үш күн ішінде ҰБТ ӨП-те беріледі.

Сертификатқа ҰБТ шеңберінде әр пәннен жинаған балл қойылады.

Сертификат МК төрағасы, Министрлік өкілінің қолымен расталады және Базасында ҰБТӨП ұйымдастырылған жоғары оқу орнының немесе жергілікті білім беруді басқару органының мөрімен бекітіледі.

Ескерту: 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1057 бұйрығымен .

32. Аттестат ҰБТ-ны тапсырған кезде бітірушілер білім алған білім беру ұйымдарымен беріледі. Аттестатқа МК шешіміне сәйкес жалпы білім беру пәндері бойынша ҰБТ-да алған бағасы қойылады.

Ескерту: 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 373 бұйрығымен .

33. Жоғары оқу орындары мен колледждерге қабылдау тәртібі Қабылдаудың типтік ережесіне сәйкес белгіленеді.

Ұлттық бірыңғай тестілеуді
ұйымдастыру және өткізу
ережесіне қосымша

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 89 бұйрығымен .

ҰБТ сертификатының баллдарын жалпы орта білім туралы аттестаттың бағаларына ауыстыру шкаласы

| p/n | Пән | 2 (қанағатта- нарлықсыз) | 3 (қанағат- танарлық) | 4 (жаксы) | 5 (үздік) |
|-----|------------------|--------------------------------|-----------------------------|--------------|--------------|
| 1 | Қазақ тілі | 0-3 | 4-17 | 18-25 | 26-30 |
| 2 | Орыс тілі | 0-3 | 4-17 | 18-25 | 26-30 |
| 3 | Қазақстан тарихы | 0-3 | 4-17 | 18-24 | 25-30 |
| 4 | Математика | 0-2 | 3-12 | 13-22 | 23-30 |
| 5 | Физика | 0-2 | 3-12 | 13-22 | 23-30 |
| 6 | Химия | 0-3 | 4-12 | 13-22 | 23-30 |
| 7 | Биология | 0-3 | 4-15 | 16-24 | 25-30 |
| 8 | География | 0-3 | 4-17 | 18-24 | 25-30 |
| 9 | Дүниежүзі тарихы | 0-3 | 4-15 | 16-22 | 23-30 |
| 10 | Орыс әдебиеті | 0-3 | 4-16 | 17-24 | 25-30 |
| 11 | Ағылшын тілі | 0-3 | 4-16 | 17-24 | 25-30 |
| 12 | Неміс тілі | 0-3 | 4-17 | 18-25 | 26-30 |
| 13 | Француз тілі | 0-3 | 4-15 | 16-22 | 23-30 |
| 14 | | | 4-15 | 16-22 | 23-30 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК